

**Ш. Ерхожина** 

SDU University, Қаскелең, Қазақстан  
e-mail: shattygul.yerkhozhina@sdu.edu.kz

**А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ  
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСТАНЫМДАРЫН  
ҚАЗІРГІ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ҚОЛДАНУ**

Мақалада А. Байтұрсынұлының әдістемелік ұстанымдарын қазіргі оқыту үдерісінде қолдану мәселесі қарастырылады. Зерттеудің негізгі мақсаты – ғалым еңбектерінде ұсынылған оқыту әдістерінің өміршеңдігін қазіргі білім беру талаптарымен сабақтастыра көрсету және олардың оқушылардың оқу-танымдық дағдыларын қалыптастырудағы тиімділігін айқындау. Осы мақсатқа сәйкес мақалада А. Байтұрсынұлы негіздеген «жеңілден ауырға», «оңайдан қиынға», «жайдан күрделіге» қағидаттары, дыбысты әдіс, жалқылау-жалпылау тәсілдері, жаттығу, көрнекілік және мысал арқылы түсіндіру ұстанымдары қазіргі қазақ тілін оқыту тәжірибесімен байланыстырылады. Практикалық үлгі ретінде б-сынып қазақ тілі пәніндегі «Көнерген сөздер» тақырыбы алынып, тарихи қару-жарақ атауларын меңгертуде подкаст тыңдату, түсіндірме сөздікпен жұмыс жүргізу, кесте және сызба түріндегі көрнекілік құралдарын пайдалану жолдары ұсынылады. Зерттеу барысында оқушының сөз мағынасын түсінуі, тарихи-мәдени ақпаратты қабылдауы, зат пен әрекет арасындағы мағыналық байланысты тануы, лексикалық қорын кеңейтуі және алған білімін практикалық жағдаятта қолдануы маңызды әдістемелік нәтиже ретінде сипатталады. Сонымен қатар мақалада Байтұрсынұлы әдістемесінің қазіргі функционалдық сауаттылық, тыңдалым, жазылым, тілдік талдау және оқу-танымдық әрекет талаптарымен үйлесетіні негізделеді. Зерттеу нәтижелері ғалымның әдістемелік мұрасын қазіргі қазақ тілін оқытуда тиімді бейімдеп қолдануға болатынын көрсетеді. Бұл тұрғыда Байтұрсынұлы ұсынған әдістер оқушының тілдік материалды механикалық түрде жаттауына емес, оны мағыналық, танымдық және практикалық тұрғыдан саналы меңгеруіне бағытталатынымен құнды.

**Түйін сөздер:** көнерген сөздер, подкаст, танымдық оқыту, ұстанымдар, индукция, дедукция.

Sh. Yerkhozhina

SDU University, Kaskelen, Kazakhstan  
e-mail: shattygul.yerkhozhina@sdu.edu.kz

**The Application of A. Baitursynuly's Methodological Principles  
in the Modern Educational Process**

The article examines the methods of forming students' knowledge base and assimilating learning and cognitive skills in the modern educational process. The methods used to ensure that students understand and perceive the material consciously are discussed. The fact that the fundamental scientific basis of this methodology originates from the methodological works of A. Baitursynuly is proven by several examples. The article sets out literary language norms from the school curriculum as an example and analyzes the levels of their use in the teaching process. The topic of "obsolete words" was used as a model, and the effectiveness of the so-called "new" methods of mastering it was determined in conjunction with A. Baitursynuly's methodology. We develop students' cognitive skills using obsolete words. Therefore, it's important to use methods that facilitate children's understanding and retention of words through listening to podcasts. Students should be able to independently explore and learn the basics of vocabulary, work with dictionaries, and explain them comprehensively through visual and auditory processes. Only then will their vocabulary expand and their knowledge on the topic remain robust. Therefore, ensuring the student's complete mastery of grammatical meaning, its long-term retention in the student's linguistic consciousness (memory), as well as the student's learning and cognitive thinking system is a requirement of today. The main goal of this article is to demonstrate the viability of A. Baitursynuly's methodological principles and teaching methods in relation to innovative requirements. A discussion of the teaching methods used by the scientist is the main goal of this article. In accordance with the intended goal, theoretical and practical arguments were presented. The advantages of the methods used by the scientist in the educational process and their effectiveness in increasing the student's learning and cognitive abilities were discussed. The importance of the student's ability to accumulate knowledge, systematize industry information, and develop the ability to

use it by integrating theoretical and practical knowledge received in his mind was revealed through general and individual analyses presented by A. Baitursynuly.

**Keywords:** obsolete words, podcast, cognitive learning, principles, induction, deduction.

Ш. Ерхожина

SDU University, Каскелен, Казахстан  
e-mail: shattygul.yerkhozhina@sdu.edu.kz

### Применение методических принципов А. Байтурсынулы в современном образовательном процессе

В статье рассматриваются методы формирования знаний и учебных умений учащихся в современном образовательном процессе, обеспечивающие осознанное понимание и восприятие учащимися учебного материала. На ряде примеров подтверждается, что фундаментальная научная основа данной методики берет начало в методических трудах А. Байтурсынулы. В статье в качестве примера приводятся стандарты литературного языка школьной программы и анализируются уровни их применения в учебном процессе. В качестве модели была взята тема «устаревших слов», и выявлены уровни эффективности ныне так называемых «новых» методов ее освоения, в связи с методикой А. Байтурсынулы. С помощью устаревших слов формируются познавательные навыки учащихся. Поэтому важно использовать методы, которые облегчают детям понимание и сохранение слов в памяти с помощью прослушивания подкастов. Учащиеся должны уметь самостоятельно исследовать и изучать основы лексических знаний, работать со словарями и всесторонне объяснять их посредством зрительных и слуховых процессов. Только тогда их словарный запас будет расширяться, а знания по данной теме останутся жизнеспособными. Поэтому обеспечение полного усвоения учащимся грамматического значения, его долговременное сохранение в языковом сознании (памяти) учащегося, а также в учебно-познавательной системе мышления учащегося является требованием сегодняшнего дня. Основная цель статьи – продемонстрировать жизнеспособность методических принципов и методов обучения А. Байтурсынулы в свете инновационных требований. Обсуждение методов обучения, используемых учёным, является основной целью статьи. В соответствии с поставленной целью были представлены теоретические и практические аргументы. Обсуждены преимущества методов, используемых учёным в образовательном процессе, и их эффективность в повышении учебно-познавательных способностей студентов. В общих и индивидуальных анализах, представленных А. Байтурсынулы, была раскрыта важность умения студента накапливать знания, систематизировать отраслевую информацию, развивать умение ее использовать путем интеграции в своем сознании полученных теоретических и практических знаний.

**Ключевые слова:** устаревшие слова, подкаст, когнитивное обучение, принципы, индукция, дедукция.

### Кіріспе

Қазақ даласында мектеп жүйесі мен оқыту мәселелері ХХ ғасырдың басынан қолға алына бастады. Ағартушы Ы. Алтынсариннің соққан алғашқы қоңырауынан бастап қазақ балаларының мектепке бара бастағаны белгілі. Осы жаңалықтың жалғасы қазақ мектептерінің ашыла бастауы мен жаппай оқуға ден қоюшылық – еліміздегі үлкен серпіліс еді. Енді осы білім шаңырағында жүйелі түрде негізгі пәндерді жүргізетін оқулықтар мен оқу құралдарын жазу, олардың бағдарламаларын жасау қажеттілігі туындаған болатын. Бұл үлкен де ауқымды, әрі жауапкершілігі мол іс еді. Осыған орай ең алдымен, қазақтың оқыған білімділерінің бәрі бұл іске жабыла кіріскенін білеміз. Алдымен, математика, география, табиғаттану, педагогика, қазақ тілі, әдебиет, тарих т.б. пәндерінен қа-

зақ тілінде оқулық жазу ісі белсенді түрде іске асырыла бастады. С. Асфендияров, Ә. Бөкейханұлы, А. Байтурсынулы, Х. Досмұханбетов, Қ. Кеменгерұлы, М. Жұмабаев, М. Тынышпаев, Ж. Ақбаев, Ж. Аймауытов сынды қазақ халқының біртуар азаматтарының бұл бағыттағы бастамалары бүгінгі таңда қалың қазаққа белгілі. Алғашқы мектептің іргетасын қалаған ағартушы Ы.Алтынсарин мектеп ісін тыңнан қалап, ұйымдастырумен қатар, әдістемелік жүйесін де өзі іздене жүріп құрған болатын. Оның алдында қазақ жерінде мектептің еш үлгісі болмағандықтан біраз қиыншылықтарға төтеп беруге тура келді. Алғаш «Хрестоматияны» жазуы да осы қиындықтан шығудың жолы еді. Ол алғашқы кітапқа аңыздар мен тәрбиелік мәні бар шағын әңгімелер, өлеңдер мен аударма мысалдар, эпостық жырлардан үзінділер беруді ұйғарды. Балалардың өмірін, тұрмыстағы жағдайларды, үлкен-

дердің іс-әрекетін сөз ете отырып, тәрбие мен білімді қатар беруді мақсат тұтқан жүйе жасады. Ал кейінгі кезеңде мектеп ісіне біраз төселген тәжірибені кеңейте түсу, оқыту жүйесін дамыту, оқу бағдарламасын жасау, оқу материалдарын жүйелеу сынды қажеттіліктер туындады. Бұл мәселелерді А.Байтұрсынұлы мен оның замандастары анық сезініп, қазақ тілін оқытудың толық жүйесін жасауды, оны тәжірибеге сіңірудің жолдарын ғылымнан іздене бастады. Қазақ тілін оқыту әдістемесі педагогика ғылымының бір саласы болғандықтан, оның өзіндік заңдылықтары, теориялық тұжырымдары, методологиялық негізі педагогика, психология, лингвистика, логика ғылымдарымен байланысты жинақталған тәжірибеге негізделді. Осы ғылыми негізді терең зерттеген А.Байтұрсынұлы оқыту әдістемесінің негізгі нысаны нені оқыту керек?; не үшін оқыту керек?; қалай оқыту керек? деген мәселелерді зерттеуден тұратынын айқындап, тәрбие мен оқытудың жалпы мақсатын ұштастыра қарастырды.

### Материалдар мен әдістер

Қазақ тілінің төл оқулығын алғаш рет жазып, оның бастапқы терминологиясын қалыптастырған ғалым – Ахмет Байтұрсынұлы. Қазақ тілінің барлық салалары бойынша алғашқы терминдерін жасап негізгі жүйесін қалыптастыра отырып, оны оқытудың әдістемесіне маңыз берді. Ғалымның қазақ тілін игертуде, оқытуда және оны дамыта түсуде жасаған еңбегі ұшан-теңіз. Аз уақытта үлгеріп «Оқу құралы», «Тіл құрал», «Методика мәселелері», «Тіл жұмсар», мақалалары – «Қай әдіс жақсы», «Ана тілінің әдісі», «Баулу мектеп», «Зерттеу мен сүгіретшілік әдісі туралы», «Жалқылаулы-жалпылау әдісі», т.б. толып жатқан әдістемелік мұрасы қазіргі күні де құндылығын жойған жоқ. Тіл ғылымында қалыптасқан бүгінгі күні толық айналымға түскен біршама терминдерді А. Байтұрсынұлының қалыптастырғаны мәлім (Зат есім; Сын есім; Етістік; Есімдік; Одағай; Үстеу; Шылау; Бастауыш; Баяндауыш; Анықтауыш, Сөйлем; Қаратпа сөз; Қыстырма сөз; Леп белгісі; Сұрау белгісі, т.б. сан алуан лингвистикалық ғылыми пән сөздері). Ағартушы-ғалым тілдің грамматикалық ғылымын жүйелеумен қатар, оны оқытудың мәселесін қолға алды.

Ғалым оқыту мәселесінде көбінше тәжірибеге сүйенеді. Фонетиканы, морфологияны оқыту болсын «Тіл-құрал» еңбегінде әр тақы-

рыпты меңгертуде жаттығу-машықтандыруды «сынақ» деп, орындалатын жаттығуды белгілеп беріп отырады. Әр сынақ тапсырмаларының мақал-мәтелге құрылуында үлкен мән жатыр. Мысалдарды, сөйлемдерді іріктеп беруде, ғалым ұрпаққа берілетін тәрбиенің негізін де осы қазақтың мақал-мәтелдері арқылы беруді көздейді. Әр тапсырманы орындаған сайын баланың жазу сауатымен қатар сөйлеу тілінің де дамып отыратыны ескерілген.

Қазірде қазақ тілінің нормасына сай дұрыс жазуда қойылатын белгілердің өзіндік атаулары бар. Мәселен, нүкте, үтір, сызықша, дефис, сұрау, лепті белгілері. Ал дұрыс сөйлеудегі адамның тынысына, деміне, кідірісіне, екпініне байланысты байқалатын әрекеттердің атаулары жоқ. Міне осыны А. Байтұрсынұлы балаларды сөйлеу дағдыларымен машықтандыру үшін әр құбылысқа ат қойған. Мәселен: тыныстық (.), жапсарлық(,), қосарлық (=), тастарлық (-), дәлдеулік (« »), сұраулық (?), лептеулік (!).

Тыныстық – дауыстың тынатын жеріне қойылатын белгі.

Жапсарлық (,) – дауыс тынбай, тек сөз арасы көбірек ашыла айтылатын жерге қойылатын белгі. Сөз арасының олай ашылуы көбінесе сөйлемдер қосылған жапсарлық жерінде болады.

Қосарлық (-) – сөзді қосу керек болған орында, бір сөздің екі бөлімін қосу керек болған орында немесе біріне-бірі жедел екі сөз қосарынан айтылатын орында, не болмаса бір сөздің өзі қайта-қайта жедел айтылатын орында қойылатын белгі.

Тастарлық (-) – жазбай тасталған сөздің орнына қойылатын белгі. Дәлдеулік (« ») – бұлжытпай дәлдеп жазып көрсетерлік жерде қойылатын белгі. Мұның бәрі бос әурешілік емес екені белгілі, ғалым балалардың сөйлеу тілін дамытуда түсінікті қазақша ұғымдар арқылы үйретудің жолын тапқан.

Бастауыш білімнен бастап балаға жас ерекшелігіне қарай білімді шақтап беру мәселесіне баса назар аудартады. Қазіргі біздің білім беру жүйеміздің басты негізі саналатын «жеңілден ауырға, оңайдан қиынға, жайдан күрделіге» ұстанымы (Байтұрсынұлы, 2013, б. 8). А. Байтұрсынұлының ұсынған оқытудағы басты ұстанымы еді. Бұл мәселе қазіргі оқытуда да маңызды. Білімді тұлғаға бағдарлай беру ұстанымының басты қағидаты боп саналады. Бүгінгі күні оқытуда технология түрлерінің көп болуы білім жүйесіне түрлі жаңалықтарды енгізіп жатыр. Мәселен, Дамыта оқыту технологияларын алып

көрейік. Осы технологияның бастамасы орыс ғалымы Л.С. Выготскийдің зерттеуінде басталды. Алайда бұл технология екі түрлі теорияға негізделген, екі ғалымның екі түрлі теориясымен тұжырымдалды. Яғни ғалымдардың пікірі екіге бөлінді, нәтижесінде екі түрлі теориялық технология өмірге келді. Оның бірі – Леонид Владимирович Занковтың теориясы. Мұнда ол оқытуды жеңілден бастау, сатылай көтеріп отыру деген қағидатқа қарама-қайшы тұжырым жасаған. Балаға күрделі тапсырмаларды беру және оның ең қиын аймақтарынан беру арқылы баланы дамытуды көздейді (Ачкасова, 2014, б. 102). Күрделінің шешімін өзі табу үшін бала өзін-өзі дамытады дейді. Алайда Л.С. Выготский қолдаған екінші тұжырым – баланың жақын даму аймағы. Бұл теорияны жасаушылар – В.В. Давыдов пен Д.Б. Эльконин еді. Бұл балаға нұсқау бергенде, жетелегенде дамитыны. Бұл теорияларды не үшін қозғап отырмыз, яғни А. Байтұрсынұлы оқыту жүйесін өз тәжірибесінде көп зерттей жүріп, балаға білімді меңгертуде жеңілден бастап, қиынға қарай жүріп отырудың тиімділігін дәлелдеп берді. Өз заманында осы мәселелерді көрегендікпен зерделеп, оның әдістемесін дұрыс ұсына білгендігі қазіргі оқыту үдерісімізге негіз болып отыр.

### Әдебиеттерге шолу

А. Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасын зерттеуші ғалым А. Қыдыршаев: «А. Байтұрсынұлы үнемі ізденістің нәтижесінде 1926 жылы «Әліппенің» жаңа түрін жазып ұсынады. Бұл жаңа құрал осы күнгедей түрлі суреттермен берілген оқулық еді. Кітап «Әліп-би» деген атпен 1926 жылы Қызылорда қаласынан 116 бет көлемде басылып шығады» (Қыдыршаев, 1998, 92). Зерттеуші әліппенің жаңа типті кітап болғанын және оның ерекшелігін саралап көрсетеді. А. Қыдыршаев тағы бір мақаласында А. Байтұрсынұлы жасаған әліп-биге Т. Шонанұлының берген бағасына сілтеме жасайды. Онда: «... Ахметтің жаңа алфавиті мен жаңа әліппесі біздің өркендеуімізге зор пайдасын тигізетін құбылыс еді. ...Ал Ахметтің кітаптары болса қазіргі қазақ мектептерінде қолданылатын жалғыз оқулық. Біздің мұғалімдер оқытып жатқан бүгінгі еуропалық әдіс – Ахмет Байтұрсынұлының жанашырлық қызметінің жемісі» (Қыдыршаев, 2023, б. 29), – деп жаңа әліп-бидің көңіл толарлық деңгейде жасалғанын, бұрын-соңды қазақ жерінде болмаған оқулық болғанын жеткізе бағалаған

еді. А. Байтұрсынұлының түзген әліп-биінің маңызы туралы шетелдік ғалымдар да зерттеулерінде айтады. «Байтұрсынұлының реформалаған қазақ әліпбиінің ықпалы соншалықты маңызды болды. Қытайдағы және Моңғолиядағы қазақтар әлі күнге шейін Байтұрсынның төте жазуын қолдануларын жалғастырып келеді» (Кесики-Аюби, 2003, б. 153). Шетелдік ғалымдардың да назарын аударған Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы түрлі талқылаулардан өтіп, жаңа заманда жаңа бағасын алып отыр.

Ғалым 1920 жылы шыққан нұсқаулығында («Баяншы») «Дыбыспен жаттығу» тәсілімен балаларды қалай оқытудың жолдарын жан-жақты үйретті. «Әліппені» дыбысты әдіспен оқытудың артықшылықтарын егжей-тегжейлі түсіндіре келе, мұғалімдердің осы әдіс арқылы оқытуының маңызын терең түсіндіріп отырды. Жаңа құралда сөйлеу әрекетінің түрлі дағдыларына арналған оқу-жаттығу тапсырмалары бар болатын. Суреттермен безендірілген оқулықты балалардың қызығып қарайтынын ескере, оның түрлі-түспен берілуіне басым назар қойылды. Балалардың логикалық дағдыларын кеңейтетін сұрақтармен тұжырымдау арқылы, олардың кері байланыс әрекеттері де назардан тыс қалмады. Тек айтылым дағдысы емес, оқушылардың жазылым дағдыларын қатар дамыту мақсаты көзделді. Яғни жазу тапсырмалары берілген суреттерге қарай ұйымдастырылады. Суреттерге сәйкес хат жазу болса, қазіргі жазылым мақсаты да – нормаға сай жаза білу. Қазіргі оқушыларға сөйлем құрату, мәтін құрату, эссе жаздырту секілді жазба жұмыстарының бастауы сол А. Байтұрсынұлы әдістемесінде хат түрінде жазу арқылы дамытылғанын айта аламыз. Кезінде қолданылған топтық жұмыстарды алатын болсақ, дидактикалық ойындарды ойлап тауып, әр сабақтың тақырыбына сай топта ойнатып, барлық баланың білімді бірдей игеруіне көңіл бөлінген. Грамматиканы меңгертуде таптырмас құрал болған топтық ойындардың өзіндік оқу мақсатына сәйкес талап-ережелері болды. Игере алмаған оқушыны жетелеп, топтың мүшелері көмектесе отырып, түсінбегенін түсіндіріп қолдау көрсетіп отыратын деңгейде ұйымдастырылды. Мәселен, «Қайсысын қайда қою» деген ойын тәсілін талқылап көрелік. Мәтінмен жұмыс мәселесі болғандықтан, балалар берілген бір мәтінді оқиды. Оқып болған соң балаларға карточкалар таратылады. Әр карточкада сөйлем жазылады, сол сөйлемдердің орын тәртібін мәтіндегі орын тәртібімен сәйкестендіре, дұрыс

орналастыру шарты қойылады. Өлең мәтіндерінен де беріледі. Балалардың ішінде дұрыс орналастыра алмағаны төрт сөйлемнен жазады. Бұл балаларды жазуға машықтандырудың бір тәсілі болатын. Ғалымның жиі қолданатын тәсілдерінің бірі – суретпен жұмыс. Түрлі заттардың суретін көрсетіп, бала соған қарап сөйлем құрайды. Бұл да болса, жазу дағдысы мен логиканы дамыту. Осылайша үйрету тәсілдерін түрлендіре оқытудың тиімділігі зор. Ауызша және жазбаша жұмыстарды қызықтыра отырып, жеңіл түрде меңгеруге мүмкіндік жасалады. Қазақтың мақал-мәтелдері мен жаңылтпаштарын көп қолданған ұстаз біліммен қатар ұлттық тәрбиені сіңірудің жолын таба білді. «Мектептің міндеті – берген баланы ата-анасының үміті мен мемлекеттің мақсатындағы көздеген түрде адам қылып шығару. Қалай үйреткенде бала көздеген түрдегі адам болып шықпақ? Мәселенің қисыны – осы жерінде» (Байтұрсынұлы, 2013, б. 334) деп, ғалымның өзі айтқанындай, оқыту принциптерінің бәрі оқушының функционалдық сауаттылығын арттыруға, білімді өз өміріне жарата алатындай болуына бағытталды.

### Нәтижелер мен талқылау

Қазіргі таңда білім беру саласының барлық аспектісінде қолданылып отырған бұл мұраның өміршендігі туралы көп айтуға болады. Жоғары оқу орны оқытушыларының тұжырымдарын бере кетуді жөн санадық. Өйткені А. Байтұрсынұлының оқыту әдістерін түрлі пәнді оқытуда тиімділігі анықталып, қолданыстан түспей жаңғырып қызмет етуде. Оның дәлелі: «Байтұрсынұлы ұсынған бұл оқыту әдісі бүгінгі күні жоғарғы оқу орындарында «Кәсіби бағытталған қазақ тілі» пәнімен ұштасып отыр. Байтұрсынұлы негізін қалаған әдістеме әр кезеңде заманауи әдістемемен ұштасып, жоғарғы оқу орындарындағы тілге оқыту сабақтары барысында қолданылып жүр. Осылайша ағартушының еңбектері кейінгі ұрпағына жылдар бойы қызмет етіп келеді» (Қалыбекова, Фарук, 2024, б. 322). Ахметтанушы ғалымдардың бірі – Р. Имаханбет: «Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда Алаш зиялыларының: Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Досмұхамедұлы, Телжан Шонанұлы, Қошқе Кемеңгерұлы т.т. қазақ тілі мен әдебиетін дамытып, оқытып-үйретудегі көрсеткен негізгі ұстанымдары әлі күнге нақты қолға алынған жоқ. Тек, қазақ тіл білімі мен әдебиеттануды оқыту, меңгерту тақырыбындағы бүгінгі тәуелсіздік

кезеңдегі ғалымдар мен әдіскерлердің өзіндік ой-пікірлерін дамытудағы зерттеу нысаны ретінде қарастырылып келеді» (Имаханбет, 2016, б. 3), – деген пікірін саралайтын болсақ, шындығында осы кезең ғалымдарының әдістемелік мұрасы жеке-жеке зерттеуді қажет ететініне көзіміз жетті.

Ғалым А. Сейтбекова: «Қазір жаңа деп танылған әдістемелердің, бүгінгі жаңашыл деп табылған оқыту технологияларының көпшілігі Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінен бастау алады» (Сейтбекова, 2019), – деген пікір айтқан болатын.

Бүгінгі инновацияны қайдан аламыз деген сұрақтың жауабы – озық тәжірибелерден жинақтала келе, тәжірибеге енеді деген жауап болатын. Бұл рас. Алайда қазақ елінің алдыңғы толқын ұстаздарының көшін бастаушы, Ұлт ұстазының ұсынған қазақ тілін оқыту жүйесін, әдіс-тәсілдерін, терминдерін А.Байтұрсынұлының екенін үнемі айтып, білімгер ұрпақ пен болашақ мамандар санасына да сіңіре отыру парыз. Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдер әрине, көп. Дегенмен жаңа дүниені аспаннан іздемей өзіміздің тамырымыздан іздеп, жаңғыртып, жаңа дем беріп қолдануға әбден болатынын тәжірибе дәлелдеп беріп отыр.

А.Байтұрсынұлының оқытудағы көптеген әдістері әлі күнге дейін қолданыста бар және кейбірі жана атаулармен инновация болып тәжірибеге енуде. Ғалымның дер кезінде ғылыми тұрғыдан зерттеген әдістемелік тұжырымдары тиімділік дәрежесінің жоғарылығын көрсетеді. Бұған дәлел ретінде тағы бір әдістемені талқылап көрелік. Ғалым ұсынған «Дыбысты әдіс». Мұнда дыбысты әдіспен үйреткендегі істелетін істің негізі бес түрін атайды. Олар: 1. Балалармен әңгімелесу. 2. Оқу үйретуге де даярлайтын жұмыстар. 3. Сөзден дыбыстарды айырып шығару. 4. Әріптермен таныстыру. 5. Білген әріптерінен сөз құрау, соны оқу (Байтұрсынұлы, 2013, б. 340). Әңгімелесу балалардың бойын үйрету үшін істелетін үдеріс екенін айтады. «Әңгімелескеннен кейін балалар оқытушыға үйір болады, оқытушы балалардың жайларын біледі. Әңгіме арқылы балалар мектептегі нәрселердің аттарымен, жүру-түру жүзіндегі тәртіптерімен танысады» дейді. Бұл – қазіргі тәжірибедегі қызығушылықты ояту немесе зейінді шоғырландыру. Ғалым әліпбиді үйретуде қолданған «Дыбысты әдіс» бүгінгі күні тіл салаларын оқытуда фонетиканы меңгертуде тиімді әдіс ретінде айқындалады. Ұстаз тәжірибесі бойынша, балалар сөздің ішіндегі

дыбыстардың қандай екенін және қанша екенін айыра білгенде, әрі қарай әріптерді қойып жазудың оңайлайтынын көрсетеді. Мұғалім дыбыстарды айттыра отырып, баланың оны тыңдап, дұрыс қабылдай алуы – қазіргі тыңдалым дағдысы әрекеті. А. Байтұрсынұлы осы бір «Дыбысты әдіс» арқылы төрт дағдыны – айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылымның іске асырылатынын өз кезеңінде нақты көрсете білді. Балаға дыбыс арқылы сөздің буындарын ажыратуды «жайдан күрделіге қарай» ұстанымы арқылы үйретудің дұрыстығын үнемі ескеріп отырды. Әуелі бір буынды, сонан соң екі, әрі қарай үш буынды сөздерді алып үйретудің маңыздылығына басымдық берді. Ғалым сабақ үйретуші мұғалімдерге де нұсқаулық жазған болатын. Онда «Дыбыспен жаттығу» тәсілін ұсына отырып, балаға дыбыстарды үйретуде осы талаптар қойылды.

А. Байтұрсынұлының сөз таптарын оқытуда қолданған әдістері мен оқу материалдарын талқылап көрелік. «*Есімдегі сүгірет*» тәсілі:

*Киіз үйдің іші. Төрінде жүк-аяққа жиган жүк. Оң жақта төсек-ағаш. Үстінде көрпе-жастық. Төсек-ағаштан бері аяқ-табақ. Онан бері қазан-ошақ. Сол жақта төсек-орын жоқ. Жерде келі мен келі-сап жатыр. Керегеде жүкке таяу ер-тұрман ілулі тұр. Онан берірек қамыт-доға ілулі тұр (Байтұрсынұлы, 2013, б. 310).*

*Шарты:* мұғалім суретті ауызша баяндайды. Балалар осы естіген суреттемені жазбаша жазып шығады, кейбірі суретін салады. Талап мұғалімнің аузынан шыққан көріністі ғана назарға алу.

*Тіімділігі:* балалардың естігені бойынша есте сақтау дағдысын дамыту. Аңғарымпаздыққа, шығармашылыққа баулу. Ал қазіргі қолданыспен сәйкестігі – оқыту мақсатының бір болуы. Яғни сөзбе-сөз айтып отырып жаздыртылмайды, тек тыңдап алғаннан кейін іске асырылуы – оқушының есте сақтау дағдысын дамытады.

**Жұмыс (Етістікті ажырату).**

#### 1-кесте

*Етістікті ажыратуға арналған толықтыру тапсырмасы*

№	Сөйлемнің бастапқы бөлігі	Оқушы толықтыратын етістік	Толық нұсқа үлгісі
1	Қойшы қой ...	бағады	Қойшы қой бағады.
2	Жылқышы жылқы ...	бағады / қарайды	Жылқышы жылқы бағады.
3	Балықшы балық ...	аулайды	Балықшы балық аулайды.
4	Егінші егін ...	егеді / орады	Егінші егін егеді.
5	Етікші етік ...	тігеді	Етікші етік тігеді.
6	Қатшы хат ...	жазады	Қатшы хат жазады.
7	Дәрігер адам ...	емдейді	Дәрігер адам емдейді.
8	Өлеңші өлең ...	айтады / шығарады	Өлеңші өлең айтады.
9	Әнші ән ...	айтады	Әнші ән айтады.
10	Мұғалім бала ...	оқытады	Мұғалім бала оқытады.

*Ескерту: Кесте А. Байтұрсынұлы ұсынған етістікті ажырату тапсырмасы негізінде жүйеленді*

#### 2-кесте

*Құрал атауы мен іс-әрекетті сәйкестендіру тапсырмасы*

№	Құрал атауы	Оқушы толықтыратын етістік	Толық нұсқа үлгісі
1	Көсеумен от ...	көсейді	Көсеумен от көсейді.
2	Қауғамен су ...	тартады	Қауғамен су тартады.
3	Қырықтықпен қой ...	қырқады	Қырықтықпен қой қырқады.
4	Тоқпақпен жүн ...	сабайды	Тоқпақпен жүн сабайды.

№	Құрал атауы	Оқушы толықтыратын етістік	Толық нұсқа үлгісі
5	Оқтаумен қамыр ...	жаяды	Оқтаумен қамыр жаяды.
6	Күрекпен жер ...	қазады	Күрекпен жер қазады.
7	Тұтқышпен қазан ...	ұстайды	Тұтқышпен қазан ұстайды.
8	Айырмен шөп ...	жинайды / аударады	Айырмен шөп жинайды.
9	Кетпенмен жер ...	шабады	Кетпенмен жер шабады.
10	Сүйменмен тас ...	қопарады	Сүйменмен тас қопарады.

Ескерту: Кесте А. Байтұрсынұлы тапсырмасының мазмұны негізінде қазіргі оқытуға бейімделіп жүйеленді

**Шарты:** сөздердің жұмсалым мағынасына қарай сөйлемді толықтыру. Қазіргі күнде де осы әдіспен бірнеше дағдыны дамытуға болады. Алдымен – грамматикалық мәселені шешу. Оқу-танымдық дағдыны дамытуға жетелейтін әрекеттер. Яғни бұл тапсырма арқылы оқушы алдымен зат есім – адамның іс-әрекетіне қатысты етістіктерді құраса, екінші заттарды қолдануға қатысты етістіктерді құрап шығады. Ғалым ұсынған оқыту әдістерінің қазір де өміршеңдігіне тәнті боламыз.

Ғалым: «Әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай» (Байтұрсынұлы, 2013, б. 324), – деп, мұғалімнің сабақты меңгертуде әдістемесінің мол болуын маңызды санайды. Ғалымның қолданыста тиімділігін дәлелдеген әдістерінің бірі жалпылау және жалқылау. Қазіргі заманауи қолданыстағы индукция-дедукция әдістері. Бұл сонау XVIII ғасырда француз оқытушысы Жакото негіздеген, неміс педагогтері қолдап, өз тәжірибелеріне қосқан тиімді әдістер еді. Демек, А.Байтұрсынұлы өз кезеңінде әлемдік оқыту жүйесі әдістемелерін салыстырып, зерттеп отырған деген тұжырым жасауға болады. Бұл терминдерге қазақша атау беріліп, еліміздің оқыту тәртібі жүйелі жолға түсуіне септігін тигізді. Жалқылау – іріден ұсақтап бөлшектеу болса, жалпылау ұсақтан ірілету. Қазіргі оқытуда заман талабына сай кез келген тақырыптың белгілеген бөлшектерін талқылауда индукция-дедукция әдісі жиі қолданы-

лады. А. Байтұрсынұлының жалпылау-жалқылауын қазіргі үрдіске салып көрелік.

6-сынып қазақ тілі үлгілік оқу бағдарламасы бойынша «Тарихи тұлғалар. Лексика» бөлімі. ӘТН 6.4.2.1. көнерген сөздердің қолдану аясын түсіну және ажырата білу.








*1-тапсырма.* Шарты: шағын подкастты тыңдай отырып, батырдың тұлғасын сипаттаңыз және естіген қару-жарақ атауларын жазып алыңыз.

*Дереккөз:* *Dara soz* подкасты, «Қалиолла Ахметжан. Батырлар, қазақтың қару-жарақтары» эпизоды. Шағын подкаст материалын тыңдау үшін *Dara soz* подкастының «Қалиолла Ахметжан. Батырлар, қазақтың қару-жарақтары» атты эпизоды алынды (*Dara soz, n.d.*).

*2-тапсырма.* Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігін пайдаланып, қару-жарақ түрлері мен мағынасын анықтаңыз (<https://sozdikqog.kz/>).

А. Байтұрсынұлы оқытуда иллюстрация ретінде тұтас мәтіндерді көбірек қолданды. Мәтіндерді Абайдан, Ыбырайдан, қазақ мақал-мәтелдері, халықтың аңыз-әңгімелерінен, билер сөздерінен, бұрынғы өткен ақын-жыраулар мұрасынан, өз өлеңдері мен аудармаларынан оқу материалы ретінде алып отырды. Ал қазіргі оқытуда дидактикалық материалдар мен иллюстрациялық материалдарды мол қолдануға мүмкіндік бар. Сөздердің мағынасын сөздіктер арқылы анықтап, оның кескінін ажырата білуге бағыттаушы құрал – көрнекілік. Сондықтан суреттер арқылы есте сақтау дағдысын арттыру көзделеді.

**3-кесте***Көнерген қару-жарақ атауларын меңгертуге арналған көрнекілік құрал*

Суреті	Қару-жарақ атауы	Қысқаша түсіндірме	Қолданылу сипаты
	Айбалта	Ұзын сапты, жарты ай бейнесіндегі өткір жүзді соғыс қаруы.	Шабу қаруы
	Бердеңке	Жеке-жеке оқталып атылатын көне мылтық түрі.	Ату қаруы
	Қанжар	Қынға салып жүретін, екі жүзді, ұшы үшкір қысқа қару.	Кесу/түйреу қаруы
	Қылыш	Болаттан жасалған, ұзындау келген, тұтқалы имек қару.	Кесу қаруы
	Найза	Ұшы істік металдан жасалып, ұзын ағаш сапқа бекітілетін қару.	Түйреу қаруы
	Шоқпар	Басы ауыр, соғуға арналған дәстүрлі қару.	Соғу қаруы
	Садақ	Жебе атуға арналған көне қол қаруы.	Ату қаруы

*Ескерту: Кесте қазақ тілінің түсіндірме сөздігі мен тақырыптық оқу материалы негізінде автор тарапынан жүйеленді*

Осындай бұрын қолданыста болған қаруларды жеке-жеке талдап, бір-бірінен түрлерін ажырата келе, қазақ батырларының негізгі қарулары туралы мағлұмат кең түрде беріледі. Бұл – жалқылау, мұнда іріден ұсақтап бөлшектеу болды. Яғни қазіргі термин бойынша – дедукция.

*Дедукциялық – жалпыдан жекеге қарай жүретін ой қорытындысы.*

**1-сызба**

*Көнерген қару-жарақ атауларының тақырыптық жіктелімі*



*Ескерту: Сызба авторлар тарапынан құрастырылған*


«Ер қаруы – бес қару» деп шайқаста ғана қолданатын қару түрлерін айтқан. Бұл қаруларды қазақ халқы XVII-XIX ғасырдың аяғына дейін пайдаланып келді. Қолдану аясына қарай бес түрге бөлген. Бірінші – шабу қаруы (балта, айбалта, шақан), екінші – түйреу қаруы (найза, сүңгі), үшінші – кесу қаруы (қылыш, семсер, сапы), төртінші – соғу қаруы (шоқпар, гүрзі), бесінші – ату қаруы (садақ, мылтық) (Исаева, 2013). Мұндай анықтамалық көрсеткіш арқылы оқушылардың дереккөздермен жұмыс істей білуі ақпараттық дағдыны дамытатынын айтуымызға болады. Бұдан бөлек қазақтың тарихи тұлғаларының өмірі мен тұлғалық сипаты туралы мәтіндермен жұмыс жүргізуге болады. Ұлт ұстазының әдістемесі бойынша тарихи мәтіндер мен мақал-мәтелдерді қолдануға басымдық беріледі. Өйткені баланың оқу-танымдық дағдыларын дамытумен қатар, олардың зейінін, ынтасын, ойын, тілін, қиялын жас ерекшелігіне қарай дамыту көзделеді. Қазақ тілінің заңдылық

ережелерін жеңілдете берудің түрлі амалын қарастырған ғалым, баланың шығармашылығын дамытуды да назардан тыс қалдырмайды. «Сүгіретшілік» деп атаған әдісін ылғи қолданып, баланың қиялына да ерік берудің маңызын түсіндіреді. Қазіргі әдістемедегі сабақ үстінде бір мезгіл түрлі тақырыптарды ұсынып, балаға сурет салдыру – ғалым ұсынған баланың ойын үштайтын, шығармашылығын арттыратын бірден бір әдіс.

*Индукция – жекеден жалпыға қарай жасалатын ой қорытындысы.*

**2-сызба**

*«Ер қаруы – бес қару» ұғымының құрылымдық моделі*



*Ескерту: Сызба авторлар тарапынан құрастырылған*

**Әдістің тиімділігі:**

- қысқа көлемді подкаст материалын тыңдау арқылы танымы артады;
- білімді практикада қолдануды үйренеді;
- тарихи атаулар туралы түсінік алады;
- оқу материалын оңай меңгереді.

**Нәтижесінде:** жалқылау, жалпылау арқылы оқушылар қысқа эпизодтан жаңа білім үйреніп, көне сөздердің мағыналарын ажырату арқылы сөздік қорын молайтады. Түсіндірме сөздікті пайдалануды үйренеді, сөздердің мағынасын анықтайды.

Қазіргі үлгілік оқу бағдарламасында алдымен лексикалық тақырып беріліп, грамматикалық оқу мақсатын сол арқылы талқылау беріледі. Оқу мақсаттарын дұрыс қою және тапсырмаларды оған сәйкестендіре ұйымдастыру өте маңызды. Жоғарыда берілген тапсырмалар арқылы оқу бағдарламасы негізінде, әдеби тіл-

дік норманың мақсатына сай нәтижеге жетуге болатыны айқындалды. Сабақтың оқу мақсаты көнерген сөздерді анықтау, түрлеріне қарай ажырату болғандықтан, тілдік мақсат естен шығарылмайды. Оқушы қандай мәтінді тыңдаса да, оқыса да олардың ішінен көнерген сөздерді белгілеп алып отырады. Мұғалім тапсырмасы бойынша олардың историзмге немесе архаизмге жататыны туралы анықтап, дәлелдеу жұмысын орындайды. Қазақ тілінің лексика бөлімі бойынша оқушылар сөздердің мағынасын білумен қатар, мәтіндер арқылы қазақ халқының тарихын, олардың тұрмыс салтын, мәдениетін, тілдік қолданысын меңгереді және әр сөздің этимологиясын анықтайды, сөздік қорларын молайтады. Ал А. Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы – үзілместен жалғасын тауып келе жатқан мол қазына, ғылым мен білімнің таусылмайтын кені. Педагог қауымға пайдалы дүние ретінде талқылап, тәжірибеге ендіріп отырудың маңыздылығы жоғары деп санаймыз.

### Қорытынды

Қазіргі оқытуда қолданылып жүрген көптеген терминдердің атауы өзгертілгенімен, көпшілігін А. Байтұрсынұлының әдістемелік қолданысында кездескеніне бірнеше дәлелдер келтірілді. Олардың қолданылу сипаты мен әдіс ретіндегі негізгі мақсатының ортақтығы көрсетілді. Мұндай әдістердің өміршеңдігінің тағы бір дәлелі – оның қолданыстан түспей, бірдей мақсатта қолданылуы осы мақаланың жазылуына негіз болды. Әрине педагогикалық әдіс-тәсілдердің озық тәжірибелер арқылы жинақталып, қолданысқа енетінін ескерсек, бұл ғалым А. Байтұрсынұлының қазақ тілін оқыту әдістемесін жүйелеуде ғылыми ізденіс пен практикалық негіздің молдығын көрсетеді. Ғалым қолданған әдістердің тиімділігі тек біз көрсеткен грамматикалық тұлғаны танытуда ғана емес, тұтас тіл білімінің негіздерін оқытуда қолдануда тиімді екенін айтуымыз қажет. Сол себепті қазақ тілін оқыту мәселесінің бастауы ғалымның атымен байланысты болуы, оның оқу-танымдық дағдыларды қалыптастырушы маңызға ие екенін айтамыз. Сондықтан ғалымның әдістемесін әлі де жете зерттеп, тиесілі табыстары мен әдістемелік, ғылыми негіздерін зерделеуге тиіспіз.

Ізденіс нәтижесінде мынадай тұжырымдар жасалды:

1. Әдістеме қашанда оқыту маңызына ие. Сабақтардағы түрлі шоуға құрылған ойын әдістері-

нен гөрі дидактикалық принциптерге сүйенетін, қазақ тілінің грамматикалық негізін толықтай игертуге қабілетті әдістемелерді қолданудың маңызын жете түсіну керек. Ол үшін бұрынғыны қайта зерделеп, оның артықшылықтарын ажырату маңызды. «Оқулық – білім алушыларға пәннің мазмұнын жүйелі, ғылыми негізде баяндап, нақты әрі барынша түсінікті тілмен жеткізудің негізгі құралы» (Құрманбайұлы, 2008, б. 152-153). Тіл саласы мұғалімдері тарапынан тілдік білім қазақ халқының діліне сәйкес меңгертілсе, қарапайым мысалдармен түсіндірілсе, білім баланың санасында ұзақ сақталады және оны өз қажетіне жарата алады.

2. Қазақ тілі сабағы тақырыптарын игерту үшін түрлі әдістерге құрылған сабақ үлгілерін ұсынуға болады. Оқушылардың танымдық, дүниетанымдық дағдыларын дамыта түсу жолында ізденістерді тереңдету маңызды. Сабақта түрлі құралдарды қолдана отырып, тақырыпқа қатысты мысалдар мен оқу материалдарын қазақ халқының өз өмірінен, мәдениеті мен әдебиетінен алынғаны және оның білімдік мақсаттарымен қатар тәрбиелік маңызы ескерілгені қажет. Сондықтан сабақта визуалды, иллюстративті және демонстрациялық көрнекіліктерді қолдану нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Өйткені қазіргі білімгерлердің зейінін тұрақтандыру – маңызды іске айналып отыр. Зерттеуші Р. Имаханбет: «Ағартушы ұстаз А. Байтұрсынұлы оқулықтарының өміршеңдігіне қайта оралсақ. Мәселен, мемлекеттік мұрағаттарда қатталған тарихи деректермен қатар, өмір тәжірибесінде оқу-ағарту саласы бойынша ұрпақтың сауатын ашу үшін үнемі қолданып жүрген әліппе, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану оқулықтары дәлел» (Имаханбет, 2023, б. 78). Зерттеуші Р. Имаханбеттің пікіріне келісеміз, әрине А. Байтұрсынұлының қай еңбегін алсақ та, кез келген әдістемелік мақаласын талқыласақ та, ғалымның әдістемелік тұжырымдары мен әдіс-тәсілдері қазіргі оқытуға ұсынғандай сезімде боласыз. Өйткені қазіргі оқытудың мәселелерін шешуде таптырмас әдістеме болуымен құнды. «Ұлт қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының мұрасын әр түрлі қырынан қарастырып, зерттеуге, пайдалануға болады. Соның ішінде оқу-ағарту, білім беру жүйесіндегі еңбектері мен ұтқыр ойлары бүгінгі жаһандану дәуірінде де негізгі мәселелердің қатарында» (Боранбаева, 2023, б. 82).

Қазіргі оқытуда басымдылық беруге тиісті маңызды мәселелер көп. Мұғалім сол көп қажеттіліктердің әр сабаққа қатыстысын екшеп,

сабақты оқушының мүддесіне сәйкес ұйымдас-тыра білсе, көптеген оқыту мәселесін шешуге болады. Заманында А.Байтұрсынұлы сынды зиялы азаматтар «қазақ тілін оқытудың жағдайын қалай жүйелейміз» деп бас қатырған болса, қазіргі таңда ол – жүйеге түскен, өз алдына ғылым болып дамып келе жатқан сала. Дегенмен бір орында тұрып қалатын ғылым емес, оның педагогикалық шығармашылықпен толығып, жаңарып отыруы заңды құбылыс.

### Мүдделер қақтығысы

Автор осы зерттеуге қатысты қандай да бір кәсіби, қаржылық немесе жеке мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

### Мақала авторының үлесі

Ш. Ерхожина мақаланың ғылыми тұжырымдамасын әзірледі, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін айқындады, А. Байтұрсынұлының әдістемелік ұстанымдары мен қазіргі оқыту үдерісіндегі әдіс-тәсілдердің сабақтастығын теориялық және практикалық тұрғыдан талдады. Автор «көнерген сөздер» тақырыбын оқытуға қатысты әдістемелік тапсырмаларды жүйелеп, етістікті ажырату, құрал атауы мен іс-әрекетті сәйкестендіру, подкаст және көрнекілік материалдарын қолдану жолдарын ұсынды. Сонымен қатар мақалада пайдаланылған ғылыми әдебиеттерді саралап, зерттеу нәтижелері мен қорытынды тұжырымдарды қалыптастырды.

### Әдебиеттер

Байтұрсынұлы, А. (2013). *Алты томдық шығармалар жинағы. Тіл – құрал: Қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері* (3-т.). Алматы: Ел-шежіре.

Ачкасова, Л. Н. (2014). Принципы дидактической системы развивающего обучения Л. В. Занкова как основа реализации ФГОС НОО. *Серия: Гуманитарные и экономические науки*, 1(2), 101–103.

Қыдыршаев, А. (1998). *Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы*. Орал.

Қыдыршаев, А. (2022). Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы. *Тіл және қоғам*, 2(56).

Kesici, A. K. (2003). *Dün, bugün ve hedefteki Kazakistan*. Istanbul.

Калыбекова, Қ., Фарук, А. О., & Хамзина, Қ. (2024). Жоғары оқу орындарында Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерін заманауи біліммен ұштастыру. *Труды университета*, 2(95).

Имаханбет, Р. (2016, 26 ақпан). Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасын заманауи оқыту жүйесіне енгізу: Ғалым-реформатордың қазақ тіл білімі мен әдебиеттану еңбектері негізінде. *Ақиқат*. <https://aqiqat.kazgazeta.kz/>

Сейтбекова, А. (2019, 6 қыркүйек). Ахмет Байтұрсынұлы еңбектеріндегі әдістемелік ұстанымдар. *Тіл әлемі*.

Байтұрсынұлы, А. (2013). *Тіл жұлсар*. Алматы: Ел-шежіре.

Dara soz. (n.d.). *Қалиолла Ахметжан. Батырлар, қазақтың қару-жарақтары* [Подкаст эпизоды].

Сөздікқор. (n.d.). *Сөздікқор: Қазақ тілінің сөздіктері*. <https://sozdikqor.kz/>

Исаева, Ж. (2013, 5 қыркүйек). Ер қаруы болған бес қаруға не жатады? *Ана тілі*.

Құрманбайұлы, Ш. (2008, 27 мамыр). Елдегі ерекше баяндамасы немесе қазақ терминологиясын дамытудағы алаштық бағыт. *Егемен Қазақстан*, 152–153.

Имаханбет, Р. (2023). Ахмет Байтұрсынұлы мұрасын заманауи оқыту жүйесіне енгізудің тиімді жолдары. *Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, талдау және насихаттау* республикалық педагогикалық оқу материалдары (78-б.). Астана.

Боранбаева, Р. (2023). Ахмет Байтұрсынұлы мұраларының заманауи білім берудегі орны мен маңызы. *Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, талдау және насихаттау* республикалық педагогикалық оқу материалдары. Астана.

### References

Achkasova, L. N. (2014). Printsipy didakticheskoi sistemy razvivaiushchego obucheniia L. V. Zankova kak osnova realizatsii FGOS NOO [Principles of L. V. Zankov's didactic system of developmental education as a basis for implementing the Federal State Educational Standard]. *Seriia: Gumanitarnye i ekonomicheskie nauki*, 1(2), 101–103. (In Russian)

Baitursynuly, A. (2013). *Alty tomdyq shygarmalar jinagy. Til – qural: Qazaq tili men oqu-agartuga qatysty enbekteri* [Collected works in six volumes. Language manual: Works related to the Kazakh language and education] (Vol. 3). Алматы: El-shezhire. (In Kazakh)

Baitursynuly, A. (2013). *Til jumsar* [Language practice book]. Алматы: El-shezhire. (In Kazakh)

Borانبayeva, R. (2023). Akhmet Baitursynuly muralarynyn zamanauy bilim berudegi orny men manyzy [The role and significance of Akhmet Baitursynuly's heritage in modern education]. In *Akhmet Baitursynuly murasy: Zertteu, taldau zhane nasikhattau* respublikalyq pedagogikalyq oqu materialdary. Астана. (In Kazakh)

Dara soz. (n.d.). *Qaliolla Akhmetzhan. Bатырлар, qazaqtyn qaru-zharaqtari* [Podcast episode]. (In Kazakh)

Imakhanbet, R. (2016, February 26). Ult ustazy Akhmet Baitursynulynyn adistemelik murasyn zamanauy oqytu zhuiiesine engizu: Galym-reformatordyn qazaq til bilimi men adebiettanu enbekteri negizinde [Introducing the methodological heritage of the national teacher Akhmet Baitursynuly into the modern teaching system]. *Aqiqat*. <https://aqiqat.kazgazeta.kz/> (In Kazakh)

Imakhanbet, R. (2023). Akhmet Baitursynuly murasyn zamanauı oqytu zhuiiesine engizudin tiimdi zholdary [Effective ways of introducing Akhmet Baitursynuly's heritage into the modern teaching system]. In *Akhmet Baitursynuly murasy: Zertteu, taldau zhane nasikhattau* respublikalyq pedagogikalyq oqu materialdary (p. 78). Astana. (In Kazakh)

Isayeva, Zh. (2013, September 5). Er qaruy bolgan bes qaruga ne zhatady? [What are the five weapons of a warrior?]. *Ana tili*. (In Kazakh)

Kalybekova, Q., Faruk, A. O., & Khamzina, Q. (2024). Zhogary oqu oryndarynda Akhmet Baitursynulynyn enbekterin zamanauı bilimmen ushtastyru [Integrating Akhmet Baitursynuly's works with modern education in higher education institutions]. *Trudy universiteta*, 2(95). (In Kazakh)

Kesici, A. K. (2003). *Dün, bugün ve hedefteki Kazakistan* [Kazakhstan yesterday, today and in the future]. Istanbul. (In Turkish)

Kydyrshaev, A. (1998). *Akhmet Baitursynulynyn adistemelik murasy* [The methodological heritage of Akhmet Baitursynuly]. Oral. (In Kazakh)

Kydyrshaev, A. (2022). Akhmet Baitursynulynyn adistemelik murasy [The methodological heritage of Akhmet Baitursynuly]. *Til zhane qogam*, 2(56). (In Kazakh)

Qurmanbaiuly, Sh. (2008, May 27). Eldestin erekshe baiandamasy nemese qazaq terminologiiasyn damytudagy alashtyq bagyt [Eldes's special report, or the Alash direction in the development of Kazakh terminology]. *Egemen Qazaqstan*, 152–153. (In Kazakh)

Seitbekova, A. (2019, September 6). Akhmet Baitursynuly enbekterindegi adistemelik ustanymdar [Methodological principles in Akhmet Baitursynuly's works]. *Til alemi*. (In Kazakh)

Sozdikqor. (n.d.). *Sozdikqor: Qazaq tilinin sozdikteri* [Sozdikqor: Dictionaries of the Kazakh language]. <https://sozdikqor.kz/> (In Kazakh)

**Автор туралы мәлімет:**

Ерхожина Шаттыгүл Лесбековна – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, SDU University (Қаскелең, Қазақстан, e-mail: [shattygul.yerkhozhina@sdu.edu.kz](mailto:shattygul.yerkhozhina@sdu.edu.kz)).

**Information about the author:**

Yerkhozhina Shattygul – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, SDU University (Kaskelen, Kazakhstan, e-mail: [shattygul.yerkhozhina@sdu.edu.kz](mailto:shattygul.yerkhozhina@sdu.edu.kz)).

**Сведения об авторе:**

Ерхожина Шаттыгуль Лесбековна – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, SDU University (Каскелен, Казахстан, e-mail: [shattygul.yerkhozhina@sdu.edu.kz](mailto:shattygul.yerkhozhina@sdu.edu.kz)).

Келіп түсті: 10 қазан 2025 жыл  
Қабылданды: 6 маусым 2026 жыл